Мен тәуелсіз елдің қызы екеніме мақтанамын. Менің ойымша әр елдің бір өзгелерге ұқсамайтын ерекшелігі бар. Қазақ елінің ерекшелігі татулығы, қонақжайлылығы деп ойлаймын.

Осы орайда есіме түскені Мағжан Жұмабаевтың "Мен жастарға сенемін" өлеңі. Қазіргі уақытта жастардан болашаққа қосар жатқан үлесі көп.

Елдің дамуы өз қолымызда. Менің қосар үлесім кішкентай балаларды патриотизм мен елін сүю тәрбиесіне жол бастап оқыту. Яғни, ұстаз боламын. Осындай еліміздің дамуына үлес қосатындай балаларды өсіру арманы орындалатына сенемін.

Ел болашағы жарқын болу үшін не керек? Менің ойым бірлік, білімділік, елдің татулығы. Білімділік болашаққа бірден бір жол ашар жол.

Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бастар жолында» айтылған бірден-бір сөзі білім мен жастардың болашағы.

Болашақтың жарқын болуына үлкен үлесімізді қосуға тырысайық. Мен жарқын болашаққа сенемін!



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІНІҢ "ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

2-тапсырма

Табарын, басын қотарып ұшырасты, маруқатына түс ауғанша, артықшылығын зерттеулерінде, тетік-терін сонан


ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІНІҢ "ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

Қатысушының шешімдерін толтыруға арналған өріс / Поле для заполнения решений участника

Парақ / Страница № 1

Мен тәуелсіз елдің ұланымын

Тәуелсіздік бұл дүниеде бұдан асқан қасиетті сөз бар ма екен?! Құдіреті шексіз, тарихы терең, әлі де талай елдің арманы болған мәртебесі жоғары қадірлі сөз. Елдің елдігін алу жолында құрбан болған ата-бабаларымыздың аруағы алдында жаңа тыныш заманда тағдырымызды анықтаудамыз. Ал елдің ертеңі - біздің, жас ұрпақтың қолында. Міне, бұл күнделікті естіп жүрген қарапайым сөз деп қабылдарсыздар. Алайда, терең ойдың тербеліп сөзіне ерген адам үшін бұл сөздер өмірлік мотивация.

Мен - туғыры биік, жас та жігерлі тәуелсіз Қазақстан Республикасының азаматымын. Менің парызым - елімнің мәртебесін көтеруге өз үлесімді қосу. Мен де өзіме артылған жауапкершілікті сезінудемін. Менің таңдар мамандығым, өмірден өз орнымды табу бағытым тікелей елдің дамуына өз үлесін қосады. Бұны ұғынған кездегі сезім - ең жеңіл, ең ыстық сезім. Ойлана келе, менің елді өркендетер жолындағы таңдауым - ұстаздық. Қиындығы мен қызығы қатар жүретін жауапты да құрметті мамандық. Бұл бағыттағы менің мақсатым ұрпақ санасына сапалы білім сіңдіріп, жүрегіне адамгершілік пен патриотизм ұялату. Осы бағыттағы жұмыс салмағы ел дамуына қандай үлес қосарын айтпасада айдан анық. Тұтастықты орнатқан заманда мемлекеттер

Парақтың артқы жағын толтырмаңыз / Обратную сторону листа не заполнять

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІНІҢ "ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

k1-044

Қатысушының шешімдерін толтыруға арналған өріс / Поле для заполнения решений участника — Парақ / Страница № 2

жаңалық ашу, даму, алдыңғылардың бірі болу деген ережемен жарыспақ. Қазақстан Республикасының азаматтарын білім бәйгесінде топ жаратындай дәрежеге жеткізу - менің басты мақсатым. Білім сахнасында қазақ жастарының жетістігі тайға таңба басқандай көрініп тұрмақ. Бұл жолда білікті ұстаздың берері мол. Өмірде өз орнын-дағы ұстаз деп тауып, балаларға бейтісіздікпен қараған түлектің арман жолынан адаспауын қамтамасыз етемін. Ар-намысы мен ел мүддесін бірінші орынға қояр ұлан тәрбиелеймін.
Бұл мақсаттарымда өзімді айқын алсам, отанымның көркеюіне үлес қоса алдым деп есептей аламын.

Әр азамат отанының алдындағы борышы мен міндетін өз есіміндей есте сақтауы қажет. Елім дейтін ұрпақтың арқасында тәуелсіздік тарихымыз мәңгі болмақ.

Сен қазақсың, мен қазақпын білесің
Сау жасырған аманат қой бұл елім
Күйіс болмай айқаспай қоймасын
Елің үшін, жерің үшін күресің

2 тапсырма.

Тиабарын, басын қамырын, ұшырасын, шаруасын, түс ауғанда, артық шамасын, зерттеу жөнінде, сүйене-тіңдігі, тетеңінің мен, созан

Парақтың артқы жағын толтырмаңыз / Обратную сторону листа не заполнять

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

„Мен тәуелсіз елдің ұланымын"

Биыл Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 30 жыл толуда. Егемендіктің 30 жылында еңсеріміз. Елдің дамуы мен қарқынды өсуіне елеулі үлесін қосатын - қазақ жастары. Яғни, біз.

Қазақстан Республикасының президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы өзінің биылғы жолдауында: „жастар технологиялық мамандыққа басым беруі керек" деген болатын. Шынымен, көріміз Батыс елдері мен Таяу Шығыс елдері біздің біршама жыл тың технологиясымен, жүйелі сапасымен, жоғары деңгейдегі білімімен алдыға озып кеткен. Олармен бәсеке қабілетті болу үшін нәзік құралдарын меңгеру, электрониканың қыр-сырын жүйелі қарастыра білу керек. Алайда, ғаламда „пайдалы-пайдасыз" деген мамандық болмайды. Өз ісінің шебері, жұмысының мән-мағынасын түсінген көз көрген маман ғана елдің өсуі үшін қомақты үлесін қоса алады. Ұстаздық - бұған айқын дәлел.

Тарихы сонау Ыбырай мен Ахметтен басталған педагогика ілімі күні бүгінге дейін өз қадір-қасиетін жоғалтпаған. Адамның білгені тоқу, білмегені тоқыған тоқу. Алаш дүние есігін „інтернет" ашқан адам баласының қоршаған ортасында түрлі құбылыс орын алып жатады. Ал біздің көкжиегі кеңейеді. Ол көкжиекті танып-білуге өз септігін тигізетін жан да ұстаз.

Қазақстанның кешегі күні мен бүгінгісін салыстырсақ едәуір айырмашылық таңба басқандай анық көрінеді. Өзіміздің ұлан ғасыр байтақ жеріміз бен кең табиғатымыздан, өзіндік діні мен тілден, өзіндік әні мен күйден, өзіндік салт-дәстүрден айрылып қала жаздадық. Десек те, бақытымызға орай алаш бала қойған жоқ. Кезіндегі ерны жоталы бір топ болған „Алаш" зиялылары алды талған сан-түрлі сынақ, қауіп-қатер екенін біле тұрса да, тәуекелге бел байлап ұлт-санасы оятуға, ұлттық сана-сезімді қалыптастыруға талай жұмыс атқарған. Демек,

тамырымыз сақ пен ғұннан тараған, тарихымыз Керей мен Жәнібектен тараған мына біз де Отанымызды тарих сахнасынан жоғалта алмаймыз.

Ел болашағына әлгіндей айтып кеткендей нұр келген қазақ баласы өз үшін қаза алады. Тек қазақ жастары өз елінің ұландары екенін, жері мен халқын сүйе білетін патриот болу керек екенін естен шығармаған жөн. Біз - тәуелсіз елдің ұланымыз.

2-тапсырма

табарын: түбірі тап - етістік, ар - жұрнақ, ын - жалғау (тәуелдік)
басын қатырып: бас - түбір, зат есім, ын - тәуелдік жалғау
қатырып, қат - түбір, -ыр, -ып - сөз түрлендіруші жұр
ұшырасты: ұш - түбір, етістік, ыр - сөз түрлендіруші жұрнақ
ты - жіктік жалғау
шаруасына: шаруа - түбір, зат есім, сы - тәуелдік жалғау
на - септік жалғау
түс ауғанша: түс - зат есім
ауу - түбір, етістік
артықшылығы: артық - түбірі, ы - тәуелдік жалғау
зерттеулерінде: зерттеу - түбір, туынды етістік, лер - көптік жалғау
-і - тәуелдік жалғау, н - тәуелдік жалғау, де - септік жалғау
жетекшілігімен - жетекші - түбір, зат есім
-лік - сөз тудырушы жұрнақ, і - тәуелдік жалғау
мен - септік жалғау (көмектес)
одан - түбірі сол - сілтеу есімдігі, -ған - септік жалғау
сүйкетіндігі - сүй~~ен~~ етістік, ен - сөз тудырушы жұрнақ, е - сөз түрлендіруші


ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІНІҢ "ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

Мен тәуелсіз елдің ұланымын

"Мен жастарға сенемін"
М. Жұмабаев

Көктегі құдірет иесі көк түріктің ұрпағының тағдырын сан сынаққа салғаны, тамыры тереңге бойлаған тарихымыздан мәлім. 70 жылдық бодандық, екінші дүниежүзілік соғыс, 16-желтоқсан бұл тек бергі жағы десек қателеспеспіз. Талай батырдың қаны, талай ананың емшек сүті тамған, ұлт қазағын бірге көтерген қара жердің "Ұлы дала" атануы да содан болса керек.

Тар жол тайғақ кешуден кейінгі тағдырдың тарту еткен тәуелсіздігін еңсе сақтап қалу біздің, тәуелсіз елдің тәуелсіз ұландарының қолында деп білемін. Бойына еркіндіктің елеулі дозасын салып, балапандарына деген үлкен үміт ойлаған ұстаздарымыздың арқасында жаңадан қоғам мүшесіне, мамандық иесі айналып, үлкен өмірге еркін араласып кетуіме мүмкіндік туды.

Мен үшін ең маңызды екі мамандық бар болса, бірі – ұстаздық, екіншісі – дәрігерлік дер едім. Дәрігер адамның тәнін емдесе, ұстаз жанын емдейді. Осындай ұстаздықтың ұлы жолында ұлы істер атқарып, "жан аға" атанған Жанипа Бітібаеваны балалық қазақ әдебиетінің ұстазы ретінде пір тұтамын. 45 жылдық тәжірибесі мен білімін 45 минутқа сыйғызып, оқушы санасына


ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

өзгере білу қасиеті оны ұлт ұстазы етті деп ойлаймын. Болашақ маман, қазіргі абитуриент ретінде, бар күшім-рімізде болашақ ұрпақтың бойына қазақ әдебиетінің ас-ылын дарытуға дайын екенімді мәлімдеймін. Өйткені әде-биет – ел-тарих, ал тарихын ұмытқан ұрпақтың болашағы жарық екені әлем тарихынан-ақ белгілі. Білім министрі Асхат Аймағамбетовтың (арқасында енгізген жаңа бағдарламасының арқасында, қазақ әдебиетінің көркем туындыларын есітеден, талдаудың арқасында арқылы тұлға ретінде өз пікірімді қалыптастыра алдым.

Енді алдыма қойған мақсатым, алған білімімді іс-жүзінде қолданып, жоғары оқу орнында дамытып, бергілен базасынан асып түсетін қазақ әдебиеті туын-дыларын әлем аренасына шығаратын ұлт өкілдерін тәрбие-леу. Ұстаздықтың ұлы биігіне шығып, тәуелсіз елдің ті-регін тіреп тұруға дайынмын!

2-тапсырма

табарын – "тап" етістік, "р" есімше, ын – тәуелдік жалғау.

басын қатырып – бас-зат есім, ын-т.жалғау, қат-етістік, ып-көсемше

ұшыраста – ұшы-етістік, ыр-есімше, ас-есім, та-жұрнақ

шаруасына – шаруа-з.е., сы-ж.ж., на-с.ж.

түс ауғанша – түс-з.е., ауу етістік, ған-есімше, ша-көсемше

артықшылығын – артық-сын есім, шылық-сөз тудырушы жұрн., ын жалғау

зерттеулеріңізде – зерттеу-етістік, лер-көптік жалғау, і-тәу.ж., ңде-с.ж.,

жетекшілігімен – жетек-з.е., ші-сөз тудыр.жұрн., лік-сын.ж., і-ж.ж., мен-К.ж.

сөзін – сөз – есімтуеалдығы, ін-есімше



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІНІҢ "ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

kl-047



# Мен тәуелсіз елдің ұрпағымын.

Мен Қазақстан атты тәуелсіз, дербес мемлекетте тудым. Сондай керемет жерде туылғандықтан, менің мақсатым өз еліме адал қызмет етіп, азаматтық міндетімді өтеу. Бұл дегеніміз, өзіміздің сүйіп таңдаған мамандық бойынша тынбай еңбек етіп, болашағымызға нық сеніммен қарап, еліміз үшін адал қызмет көрсету.

Еліміздің болашағы жарқын, елдегі тыныш болу үшін қазірден бастап кейінгі ұрпақ пен жастарымыз елдің дамуына, өркендеуіне үлес қосу керек. Сол себептен, қазірден болашағымды жоспарлап қойып, мамандық таңдап, өз еліме үлес қосуға жол тартудамын. Әзірге қазіргі сәтте мен 11-сынып оқушысы боламын, туған жерім мен елім үшін аз да болса үлес қосуға тырысамын. Бұл дегеніміз, мен мектептегі білімді толық меңгеріп, ата-анамның тәрбиесін алып, қоғамға сай, ұлағатты, тәрбиелі, инабатты, ибалы, патриот қыз болуға барынша тырысамын. Елдің дамуы үшін әрқайсы дара тұлға болу керек емес, аз да болса кішкентай қадаммен үлес қосу керек.

Бір күні Әбу хан Әл-Фараби атты білімді ұлы тұлғаны өзінің қарамағына шақырады. Кейін "Болашақ еліміз қандай болады?", – деп сұрақ қойды. Әл-Фараби "сол заманда барлық жастарды шақыруды талап етеді. Сол кезде Әбу хан таңғалып себебін сұрайды. Әл-Фараби "Болашақты білу қиын емес, бірақ "Ел жастары қандай болса, ел болашағы сондай болады", – деп өз сөзін айтады. Осы әңгімеден-ақ елдің болашағы біздің қолымызда екенін біле аламыз.



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІНІҢ "ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ

25б.

k1-047

Қатысушының шешімдерін толтыруға арналған өріс / Поле для заполнения решений участника

Парақ / Страница № 2

Мен кіндік қаным тамған жерім үшін мәңгілік қарыздармын. Себебі бұл елдері қасиетінде менің қазақтарым ұғымы, тегі, ерлігі.

Жерімізден елім үшін бәріміз мүмкін, қолдан келетінін істеп, болашақта қазақстанды өркендеткім келеді.

Мен тәуелсіз елдің ұланымын. Мен кішкентай ұрпағымын. Мен елімнің бір бөлшегімін. Ел дамуына үлес қосып өркендету біздің қолымызда.

2-тапсырма

Табиғат, Ежелден қатынап, [illegible], шаруашылығына, түйе аунаған, артезиандық, зерттеушілерімізде, [illegible], [illegible], өзен.

Парақтың артқы жағын толтырмаңыз / Обратную сторону листа не заполнять

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІНІҢ "ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

# Мен тәуелсіз елдің ұланымын

1991 жылы 16 желтоқсанда – Қазақстан мемлекетінің тәуелсіздік алған күні. Бұл тәуелсіздікке дейінгі мың жылдар бойы жорықтар мен шайқастардың, азаттық күрестердің нәтижесі. Ұлан-байтақ жерімізді, тіліміз бен мәдениетімізді, ұрпақ үшін аманат ету бабаларымыздың бала-шаға алдындағы басты парызы еді.

Енді кезек біздікі. Біздің парызымыз бабаларымыз аманат еткен жерді сақтап, оны еліміздің келешегіне беру мен әрі қарай дамыту. Біз еліміз үшін не істедік және не істей аламыз? Тәуелсіздік алғаннан еліміздің тұңғыш президентіміздің өзі жол бастап жасаған еңбегі қазір айқын көрінеді. Қазіргі анық көрінетіні Отанымыздың қорғанысы, жаңа экономика мен саясаттың дамуы, бәсекелестік, көп ұлтты мемлекетті елдегі ұлттардың татулығын ширігуі, білім мен ғылым дамуы және де көп тілмен ұстанған мен жұмыстарымыз оған дәлел деп ойлаймын.

Дегенмен бұл тек бастамасы. Мемлекет аз уақыт ішінде дамуына қарамастан әлі де көптеген мәселелерді әлі де шешу үстіндеміз. Менің айқын көргенім, президентіміздің шығарған „рухани жаңғыру" идеясы. Елдің дамуындағы басты қағидалар бұл білім мен ғылымның дамуы, мәдениетімізбен салт-дәстүріміздің қазіргі заман талаптарына қосарлаған сақталуы, тілдің сақталуы. Менің ойымша бұл мұраларды сақтау арқылы біз „рухани жаңғыру" мен „Мәңгілік ел" идеяларын іске асыра аламыз.



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

Қорытындылай келе, біз – жастар – мемлекеттің ұландарымыз. Ата-бабамыздан қалған мұраны сақтау – әр ұланның парызы. „Отан-отан да ыстық" демекші „туған жеріміздің әрбір ұланы, тәуелсіздікті бүгініміз, ертеңіміз ретінде тани келе, мәңгі тәуелсіз деп жадымызда сақтауымыз тиіс. Біз тәуелсіз елдің ұландарымыз!

2. Табарын

басын қатырып

ұлғаятын

шаруасына

түс ауғанша

артықшылығын

зерттеулерінде

сүйенетіндігі

жетекшілігімен

Соған.



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

AKM AKM AKM AKM AKM AKM



Мен тәуелсіз елдің ұланымын.

Бүгінгі таңда Қазақстанның тәуелсіздігіне 30 жылдан асты. Бұл күн сан ғасырлар бойы ата-бабаларымыздың аңсап келген тәуелсіз күні.

Қазақ елінің тәуелсіздік алғанға дейінгі кезеңін, тәуелсіз ел болғанға дейін көрген қиыншылықтарын, азаптарын бүгінгі өскелең ұрпақтарымыздың бірі білсе, біреулері біле бермейді.

Тәуелсіздік жылдарына дейінгі кезді тілге тиек ететін болсам: Халқымыздың „Қазақ" деген ұғымы 1465 жылы Керей мен Жәнібек ханның тұсында ғана алды. Ал, оған дейін сонда қазақ халқы болмады деп ойлайсыз ба? Біздің заманымызға дейінгі жылдарда да халқымыз кең байтақ жерімізді паналады емес пе?

Тәуелсіз ел болуымызды аңсаған ата-бабаларымыз жайлы айтып кетер болсам: Сонау Қорқыт атамыздан бастап, тәуелсіздік алған күнге дейін біздің бабаларымыз тәуелсіздік жолында құрбан болудан аянбаған. Олардың бұл жолда көрген азаптарын тізіп айтар болсам өте көп уақыт кетер еді.

Қазіргі күнге дейін біз бейбіт елде тіршілік етіп келеміз. Ал, бұл бақыттың кімдердің арқасында әрі қандай қиыншылықпен келгенін білмейтін ұрпақтарымыз ше? Олардың оңай бақытты сезінуі былай тұрсын, еліміздің рәміздерін қорлағандарын бәріміз әлеуметтік желілерден естіп те көріп те жүрміз. Дегенмен, олар сол қателіктерін түсініп, ең бақытты ұрпақ екендерін сезінуге әлі де кеш емес.

Мен өз басым бұл бақытты бала кезімнен сезініп келемін. Тәуелсіз елде тұрып жатқандықтан, еліме пайда келтіретін, елімізді шет елдерге танытатын мамандықтың иесі болғым келеді. Балашақта мен мұғалім болсам ба деген арманым бар. Бұл мамандықты таңдауым үшін тәуелсіздік жолында құрбан болғандар жайлы жазылған шығармалар.

Мұғалім боламын деген ойыма түрткі болған шығармалардың бірі: Б. Мұқайдың „Өмірзая" шығармасы әсер етті. Бұл шығарманы оқыған әрбір оқырман тәуелсіздік үшін күрескен ата-



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

35б

бабаларымызды, аға-апаларымызға білдірер алғысы шексіз болар еді деп ойлаймын.
Міне, менің бұл шығарманы оқыған сәттен бастап қазақ елінің болашақ ұрпақтарына тәуелсіздіктің қиын келгенін түсіндіру мақсатыма айналды.
Еліміздің болашағы болашақ ұрпақтардың қолында. Осы жолда аянбай еңбек етіп, еліміздің асқақтауына үлес қосатынына сенемін!

2-тапсырма.

1) Қытымыр екі қойды қайтан табарын білмей күйініп, басын қатырып жүргенде, Шекер қойын да әлі жалғастырып қойып еді. 2) Олар сыртқы есікке беріп, подъезд аузында темен тартып тұрған бес-алты жігітті шығарысты. 3) Ауыл үйінің қонағы тарқағанша, Қуанның үй ішінің ұзақ шаруасына алданып жүрді. 4) Үш бала тік ауланың қарсы жағыны Мейлінің араларына. 5) Тілді салыстыра-салғастыра зерттеудің негізінде анықталған ерекшеліктер бір тілден бір тілдің артықшылығын не кемдігін көрсетпейді. 6) Тіл біліміндегі типологиялық бағыт та жүйесының грамматика сияқты зерттеулерінде семантикалық категорияларға сүйенетіндігі белгілі. 7) Қолданбалы лингвистика бағыты бойынша қазақ тіл білімінде профессор Асқар Жұбановтың жетекшілігімен өзінің іргелі еңбектерінің арқасында ерекше бір мектеп қалыптасып келеді.


ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІНІҢ "ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

8) Қоғамдық құбылыстарды зерттеуде жаратылыс заңдарын басшылыққа алып, мәселені соған негіздеп шешуге ұмтылушылар натуралистер деп аталады.

Табарын: түбірі – таб(етістік) ар(есімше) ы – тәуелдік жалғаудың 3-ші жағы, н – табыс с.

з.е т.з т.с етіс-тік көсемше
Басын қатырып

етістік жедел өткен
ұшырасты

з.е т.з барыс септік
шаруасына

з.е
тұс аужина

сын есім т.з табыс септік
артықшылығын

туынды жатыс септік
зерттеулерінде

т.з
сүйенетіндігі

көмектес септік
жетекшілігімен

сілтеу есімдік барыс септік
соған



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

"Мен тәуелсіз елдің ұланымын."

Жоспар

1) Бабалар сыйы
2) Тәуелсіздік үшін күрес
3) Ел дамуына қандай үлес қосамын?
4) Мен тәуелсіз елдің ұланы болғаныма мақтанамын.

Тәуелсіздік - қан майданда ел болашағы үшін жанын құрбан еткен ата-бабаларымыздың бізге берілген баға жетпес байлық.

Еліміз сонау 16 ғасырдан бастап, ел тәуелсіздігі үшін күресіп келе жатқан еді. Жоңғарлардың шапқыншылығы, патша үкіметінің қазақ еліне көрсеткен қорлығы мен қастығы, КСРО-ның құрамына қосылып, жеңгелеріміз бен аналарымыздың көрген азабы, жұт, ашаршылық, Тексіздің қазақ елін қор қылып, билеушілерінің істегеніне ата-бабаларымыз төтеп беріп, барынша қасық қаны қалғанша күресіп, табан ет, маңдай терімен бізге тәуелсіз елде туру бақытын көруді бұйыртты. Кіші жүз қазақтарын он алтыншы ғасырда патша үкіметі Ресейге ант бергізіп, қосып алғаннан бастап, 1991 жылға дейін тәуелсіздік үшін күрес тоқтамады. Тарихқа көз салатын болсақ, сонау Керей мен Жәнібек, Абылай, Әбілқайыр, Хақназар, Қасым, Есім хандардың барлығы ел үшін жан пида деп күрескен болатын. Ал жаңа Қазақстанға келетін болсақ, қазақ КСРО-ның құрамына кіріп, көрмеген қорлығына қарамастан Кеңес одағының батырлары


ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІНІҢ "ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

356

Қатысушының шешімдерін толтыруға арналған өріс / Поле для заполнения решений участника Парақ / Страница № 2

Бауыржан Момышұлы, Талғат Бигелдинов, Ғалымжан Байқарбаев, Әлия Молдағұлова, Мәншүк Мәметова сияқты ата-әжелеріміз табан ет, маңдай терімен бізге тәуелсіз елдің шаттық бау бақытын бұйыртты. Осындай ерліктері үшін мен ол кісілерге шексіз алғысымды білдіремін

Осындай тар жол, тайғақ кешіп, ғасырлап азаппен келген тәуелсіздігіміз үшін біз не істей аламыз? Олардың көрген қиыншылығын қалай өтеп бере аламыз? деген сұрақтар бізге тыныштық бермеу керек деп пайымдаймын. Себебі, әр нәрсенің өтеуі бар. «Судың да сұрауы бар» деп атам қазақ бекер айтпаған. Бекерден бекер өз жандарын құрбан етіп, бізге тәуелсіз ел сыйламады. Сондықтан біз өзіміздің кім болатынымыз жайлы, ел дамуына қандай үлес қосатынымыз жайлы жатпай-тұрмай ой елегінен өткізуіміз қажет. Менің өз мақсатым - ұстаз болу. Ғалым да, ақын да, зейнеткер де, ұшқыш та ұстаз қолынан шыққандар. Еліміздің жастарына тіл үйретіп, білімді азаматтар мен азаматшалар тәрбиелеп, елдің дамуына тамшыдай болсын үлесімді қосқым келеді. Ең алдымен ел дамуы үшін әр маман өз ісінің шебері болса, әр адам өзінің тұлға болуына әрекет жасаса тәуелсіз ел дамыған елге айналады. Сондықтан осы мәселелерге ден қоюы керек деп есептеймін. Сонымен қатар, жаңа технологиялардың дамуына күш салу керек. Жер, күн энергияларын пайдалануда көбейтсек


ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

нұр үстіне нұр болушы еді. Қазіргі өзінде мемлекеті-
міз алшыңдап даму үстінде. Дамыған 30 елдің қата-
рындамыз, ешқандай соғыссыз, бейбітшілікпен мемлекет-
те өмір сүріп келеміз. Бейбіт күнде тарихың көр-
мей "Тәуелсіз Қазақстанда" мекен етеміз.

Осындай кезеңде мемлекетте дүниеге келіп,
өмір сүріп келе жатқаныма өте қуаныштымын. Мен
"Тәуелсіз елдің ұланы" болғанымда мақтан тұтамын.

2- тапсырма.

Табарын: түбірі - табу (етістік)
Басты қатарап: қатару (етістік)
Ұмыратты: ұмырау деген сөзден шыққан
Шаруасына: түбірі - шаруа, сы- жалғау, на - жалғау.
Артықшылығын - артық - түбір, шы - жұрнақ, лы- жал-
ғау, ын- жалғау.
Зерттеушілерінде: түбір- зерттоу, лер- жалғау, ін- жалғау,
ін- жалғау, де- жалғау
Үйіттіндігі: түбір- сую, жұрнақ- тін, ді, гі- жалғау.
Жетекшіліктілмен- түбір- жетек, жұрнақ- ші, жалғау-
лі, гі, мен.


ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ ...

Мен тәуелсіз елдің ұланымын

Мен – тәуелсіз елдің ұланымын және де тәуелсіздіктің туын ұстап тұру мен елімнің туын жоғары көтеру - менің азаматтық борышым! Тәуелсіз ел болып қалыптасу бізге көптеген мүмкіндіктер берді. Біздің армандарымыз бен мақсаттарымыздың орындалуының бірден-бір себебі - тәуелсіз ел болу. Тәуелсіздігіміз - мәңгі болсын!

Менің алдағы мақсатым - білім алып, өзімді рухани және материалды жағынан дамыту. Бүгінгі күн - білімділердің күні. Білімділердің жолы ашық, болашағы жарқын. Қазіргі күні білім алу үшін барлығына керемет, қолжетімді мүмкіндіктер мен жеңілдіктер жасалып жатыр. Бұл өте қуантарлық жағдай. «Еңбек - бәрін жеңбек» дегендей, еңбектенген адам барлығына қол жеткізеді.

Ал, енді „Мен кім боламын?" деген сұраққа жауап берсем, мен қазақ тілі және қазақ әдебиет пәнінің мұғалімі боламын. Бұл мамандықты таңдау себебім - қызық. Барлығы мен бесінші сынып оқып жүргенде басталды. Маған тәртіпті жақсы көретін, қатал мұғалімдер ұнайды. Соның біреуі - Карбаева Бота Болатовна - қазақ тілі және қазақ әдебиеті пәнінің мұғалімі. Күндердің бір күні сабақ ортасында Шынар апай емес, Бота апай кіргенде таңқалғанымызды жасыра алмадық. Барлық күндердегі қалдырмай үй жұмысын орындап келуші едім, дәл сол күні орындамағаным қателік болды. Бота апай ұрсып-ұрсып ұялтатын жағдайға қалдырды. Теріс ойлап


ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІНІҢ "ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

35б

қалмаңыз, Бота апай көңілге тиетін сөздерді ешқашан естіртпеген. Керісінше, Бота апай - нәзік, мейірімді, ақылды, қамқор, көмекші. Жалпы айтқанда, керемет жан. Сыртқы келбетімен қоса, жан дүниесі де кіршіксіз таза. Мен мұндай мұғалімді алғаш көрдім. Менің бұл мамандықты таңдауымның себебі де - Бота апай. Бота апайдың маған деген үлкен әсері мен ықпалы тиді. Жетінші сыныпта "Мен - Бота апайдай үлгілі ұстаз" боламын деп нақты шешімге келдім. Мен де, Бота апайдай үлгілі ұстаз, жан-жағына нұрын шашатын адам болғым келеді. Бота апай мені көптеген жақсы қасиеттерге үйретті. Мен Бота апайымның бақытты болуын шын жүректен қалаймын!

Екінші себеп - елімді білім жағынан дамытқым келеді. Озық дамыған елдің қатарына кіру елбасының ғана мақсаты емес, менің де мақсатым. Қазақстан тек жұмыла жасалған жұмыспен ғана дамиды. «Бәріміз біріміз үшін, біріміз бәріміз үшін» деген ұранмен алға қарай ұмтылуымыз келеді. Қазақстандағы білім жүйесі өте өзекті, ауқымды. Оның сапасын көтеру, барлығымыздың қолымызда. Жұмыла көтерген жүк жеңіл. Сонымен қатар, «Білімдінің күні жарық, білімсіздің күні кәріп» дегенді естен шығармайық.

Шынында, мен ел болашағына қатты уайымдаймын. Бірақ, сенімім жоғары. Біздің елдің жастары талапты, білімге құмар. Нұрсұлтан Назарбаев атындағы мектеп-


ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІНІҢ "ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

тер мен жоғары оқу орындарын айтпаса, болмайды. Бұл жоба өте сәтті шыққан жоба деп санаймын. Қазақстан статистика бойынша Орта Азия елдерінің ішінде білім сапасы жағынан да, жайлы өмір сүру статистикасы бойынша да жоғары болуы жетістік деп санаймын!

2-тапсырма

Табарын - етістік
Басын қатырад -
Бұрқасты - етістік
Шаруатына - есімдік
Түс ауғанша - үстеу
Артықшылығын - есімдік
Зерттеулерінде есімдік.
Жетекшілігімен - есімдік
Соған - үстеу



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

Мен тәуелсіз елдің ұланымын.

Еліміз етек-жеңін жинап, егемендігін алғанына 30 жыл толып отыр. Осы 30 жылдың ішінде біз өзімізді әр қырымыздан таныттық және танытудамыз. Тәуелсіздік алғанның алғашқы 10 жылдығында алғашқы президентіміз жеті рет емес, жетпіс рет өлшеп бір рет кесіп, еліміздің қазіргі жағдайға жетуінің кірпішін қалаған болатын. Бұл алғашқы он жылдықта заңдарымыз бекітіліп, теңгеміз айналымға еніп, қазіргі күштерді қабылдаған болатынбыз. Келесі 20-сыншы жылдықта алдымызға көптеген мақсат қойып, дамыған елдер қатарына енуге күш салған болатынбыз. Соңғы 30 жылдықта заманауи технологияларды дамытуға, шет елге шикізат өнімдерімізді танытуға күш салдық және бұл өз (нәт) оң нәтижесін көрсетті.

Біз - тәуелсіз елдің ұрпақтары ретінде, бізге осы ата-бабамыздың қанымен келген киелі жерді саналы түрде басқарып, көркейтуге үлесімізді қосу басты міндетіміз деп білемін. Тәуелсіздік - құдайдың берген бағы болғанмен, ата-бабамыз бұл жерді қасық қаны қалғанша қорғап, 1986 жылы қақаған аязда болашақ ұрпақ үшін деп алаңға шыққан аға-әпкелеріміздің еңбектерін ұмытпауымыз қажет.

Қаншама қиын заманды артта қалдырған қазағымның болашағы жас ұрпақтың қолында, яғни мына біздің. Қазір әр жас түлектің ойында "Мен кім боламын?.." - деген сауал бар екені анық. Мен өзімнің бұл сауалыма жауап ерте тауып қойдым десемде болады.


ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІНІҢ "ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

20ст

Менің таңдаған мамандығым ел дамуына қосар үлесі зор.
Мен шындықты бүкпей, бұрмаламай халыққа тура жеткі-
зетін журналист боламын деп мақсат қойдым. Және бұған
жету үшін қазірден еңбектенудемін. Журналистердің басты
міндеті қарапайым қара халықтың зарын, еліміздің хал-
ахуалын жылдам биікке көрсетіп, шешімін табуға үлесін
қосу.

Текті халықтың ұрпағы да текті болу қажет. Әр
жас ұрпақтың бойында еліне деген сүйіспеншілігі мен
құрметінің биік болуына, кезінде ақын ғұламаларымыз-
дың да қалдырған шығармаларының қосқан үлесі зор
деп білемін. Мағжан Жұмабаев айтып өткендей
"Мен жастарға сенемін" - деген үкілі үміттерін қал-
дырмай ел болашағының бұдан да жарқын болуы -
біздің қолымызда. Киелі қазақ жерін ұлы державалар
қатарына қосатындай, болашақ ұрпақ саналы әрі сапалы
білім алатынына мен - тәуелсіз елдің ұланы ретінде
үлес қосатыныма сенімдімін!

2-тапсырма

Табарын, басын қатырып, ұшырасты, шаруасына, түс
айғанша, артықшылығын, зерттеу ісінде, сүйектіндігі;
жетекшілігімен, соған.


ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІНІҢ "ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

«Мен тәуелсіз елдің ұланымын»

Жалпы «тәуелсіз» сөзі, өте үлкен сөз деп ойлаймын. Яғни ол өзіндік бір терең мағынаны білдіреді. Ешкімге тәуелді емес, бағынышты емес, еркін және тағы көп мағынаны білдіреді. Тәуелсіз деген сөздің өзі ауызда жағымды естіледі екен.

Осы біздің туған жатқан Қазақстанымыздың ешкімге бағынышты болмай, тәуелсіздік алғанына 30 жыл толды. Бұл өте үлкен жетістік деп ойлаймын. Себебі тәуелсіздігін алған елдер көп болғанымен, бұл сөз кейбір елдер үшін таныс сөз емес. Біздің тәуелсіз ел болғанымызды бүкіл елдер білді. Қазақстанның тәуелсіз болғанын бірден бір мойындаған, қолдаған Түркия елі болатын. Жан-жақтан елдер қолдап, қолын тигізді. 1991 жылы, 16 желтоқсанда Қазақстан өз тәуелсіздігін алып, тәуелсіз елдер қатарына қосылды. Бұл күн ешқашанда ұмытылмайды және мәңгі есте қалатын күн.

Біз бұл тәуелсіздікті оңай алмадық. Бұл тәуелсіздік үшін біздің батыр аталарымыз күресті. Отқа да түсті, суға да түсті. Тіпті өздерінің жандарын қиюға дейін барды. Бұл өте үлкен ерлік. Олар аштықты да көріп, одан төзе білді. Біз тәуелсіз елдің ұрпақтарымыз. Сол батырларымыздың істеген батыр істерін ұмытпай құрметтей білейік. Батырларымыздың арқасында біз 30 жыл бойы тәуелсіз елде өмір сүріп жатырмыз. Батырларымызға мың алғыс!

Мен өзімнің тәуелсіз елде өмір сүріп жатқаныма,



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІНІҢ "ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

тәуелсіз елдің ұрпағы болғаныма қуанамын.
Жалпы мен болашақта өз еліме үлкен үлесімді қосқым келеді. Тәуелсіз елімізді одан сайын көркейтуге, жетілдіруге өзімнің үлкен үлесімді қосатыныма нық сенімдімін.
Архитектор болып, қазақ жеріне көп үлкен ғимараттар салғым келеді, тәуелсіз елімізді одан сайын көркейткім келеді.
«Қорытындылай келе, мен нені түсіндім? Мен тәуелсіз елде сүріп жатқанымызды құрметтеу керек екенімізді, президенттеріміздің істеген ерлік істерін, батырларымыздың істеген үлесін ұмытпауымыз керек екенін түсіндім. Жалпы берілген бұрын тереңдетін неге айтып отырмын! Себебі біздің тәуелсіздікті алғанымыздың өзі үлкен тарих деп ойлаймын.
Осы 30 жылдығымыз әрі қарай 100 жылға ұласын.
Алға тәуелсіз Қазақстан!

2-тапсырма.
етістік Табарын; зат есім басын етістік қатырып; етістік ұшырасты; зат есім шаруашына;
зат есім жүз етістік ауғанша; артықшылығын; зерттеулерінде;
сүйенетіндігі; зат есім жетекшілігімен; соғып.


ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІНІҢ "ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ